

## **ЕО/ЕЭК, Швейцария Конфедерациясы мүше-мемлекет азаматтарының және олардың отбасы мүшелерінің елге келуі**

Шетелдіктердің елде тұруы және кейбір заңдарға түзетулермен берілген өзгерістер енгізу туралы № 404/2011 з.жин. Заңына сәйкес:

**Мүше-мемлекет** – бұл Словакия Республикасынан басқа, Еуропалық Одақтың мүше-мемлекеті немесе Еуропалық экономикалық кеңістік және Швейцария Конфедерациясы туралы Келісімнің өзге мүше-мемлекеті.

**Еуропалық Одақтың азаматы** – бұл Словакия Республикасының азаматы болып табылмайтын және мүше-мемлекеттің азаматы болатын кез келген азамат.

### **Еуропалық Одақ азаматының отбасы мүшесі болып:**

- а) оның жұбайы/зайыбы,
- б) оның жасы 21-ге дейінгі баласы, асырауындағы баласы, сондай-ақ оның жұбайының балалары;
- в) оның төменгі не жоғарғы тармағында тәуелділіктегі тікелей туысқаны, сондай-ақ оның жұбайы/зайыбы;
- г) (а) - (в) тармақтарында аталмаған және шығарылған елде асырауында болатын отбасы мүшесі;
- д) (а) - (в) тармақтарында аталмаған және оның отбасымен бірге тұрып жатқан отбасы мүшесі;
- е) а) - (в) тармақтарында аталмаған және күрделі медициналық себептер бойынша оның қамқорлығына мұқтаж отбасы мүшесі;
- ж) Еуропалық Одақтың азаматы тұрақты, тиісті түрде бекітілген қарым-қатынаста тұратын серіктесі;
- з) Еуропалық Одақтың азаматы тұруға құқығы бар, мүше-мемлекетте тұрып жатқан, үшінше елдің азаматы, үшінші елдің азаматы қайтып келетін немесе Словакия Республикасында тұруға ниеттенетін, Еуропалық Одақтың азаматы Словакия Республикасының азаматы болып табылады және Словакия Республикасының азаматына қатысты а)-дан ж)-ға дейінгі тармақтарда аталған шарттардың кез келгенін орындайтын үшінші елдің азаматы саналады.

### **Еуропалық Одақ азаматтарының елге кіру құқығы**

Елге кіру құқығын ЕО азаматы өзінің жеке басын және мүше-мемлекеттегі азаматтығын растайтын құжатпен немесе кез келген басқа шынайы тәсілмен растайды.

### **Еуропалық Одақ азаматының отбасы мүшесінің елге кіру құқығы**

Еуропалық Одақ азаматының отбасы мүшесі елге кіру құқығын өзінің жеке басын және ЕО азаматымен туысқандық қарым-қатынаста тұратынын растайтын құжатпен немесе кез келген басқа шынайы тәсілмен растайды.

Визасы болуы тиіс талап қойылатын, Еуропалық Одақ азаматының отбасы мүшесі елге кіру кезінде қолданыстағы визаны ұсынуы тиіс; егер бұл Одақ азаматы отбасы мүшесінің тұрғылықты мекенжайының қолданыстағы құжатымен немесе арнайы ережеге сәйкес тұрғылықты мекенжайының құжатымен расталатын болса, бұл қолданылмайды.

### **Еуропалық Одақ азаматының отбасы мүшесіне Шенген визасын алуға өтініш беру**

Одақ азаматы отбасының мүшесі:

#### **1. өтініш формулярын ұсынуға тиіс;**

Өтінішті өтініш беруші өзі толық толтырып, қол қоюға тиіс, өтініш беруші кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз болған жағдайда өтініш берушінің заңды өкілі болып табылатындығын растайтын құжаттың көшірмесін қоса беретін заңды өкіл өтінішке қол қоюға тиіс.

## 2. қолданыстағы жүру құжаты;

3. ИКАО талаптарына сәйкес өлшемі 3,5 x 4,5 см ашық фонда түсірілген тұлғаның түрлі-түсті **фотосуреті** (1 дана);

4. қажет болған жағдайда, **саусақ іздерін** алуға рұқсат ету;

Визаға өтініш берген кезде он саусақ ізін ұсыну қажет. Саусақ іздері төменде аталған жағдайларды қоспағанда, әрбір 59 ай сайын алынуы тиіс.

Егер визаға өтініш беруші бұрын саусақ ізін ұсынған болса, олар келесі жағдайларда қайта алынуы тиіс:

- өтініш берушінің жеке тұлғасына күмән туған жағдайда;
- егер саусақ іздерін Визалық ақпараттық жүйеге виза алуға берілген алдыңғы өтініштен алу мүмкін болмаса;
- егер VIS Ақпараттық жүйеде сақтауда болатын, бұрын алынған саусақ іздерінің төмен сапасы оларды жаңа қосымшада пайдалануға мүмкіндік бермесе.

Келесі адамдар санаты саусақ іздерін алу міндетінен босатылады:

- а) 12 жасқа дейінгі балалар;
- б) саусақ іздерін физикалық тұрғыдан тапсыра алмайтын адамдар;
- в) мүше-мемлекеттің үкіметімен немесе халықаралық ұйымдармен ресми мақсатта шақырылатын мемлекет немесе үкімет басшылары және ұлттық үкімет мүшелері өздерінің жұбайларымен және олардың ресми делегациясының мүшелері.

## 5. ілеспе құжаттарды ұсыну;

- Еуропалық Одақ азаматының жеке басын және азаматтығын куәландыратын құжат;
- өтініш беруші Словакия Республикасында Еуропалық Одақтың азаматына ілесіп жүретіндігін немесе қосылатынын дәлелдейтін дәлелдеме;
- Еуропалық Одақ азаматының отбасы мүшесі болатындығын растайтын құжат (мысалы, неке туралы куәлік немесе тууы туралы куәлік) немесе қажет болған жағдайда, тәуелді болуын растайтын құжат (мысалы, тұрақты күтім жасау қажеттілігі, мүгедектігі туралы медициналық куәлік, тұрақты серіктестік және т.б.)

Одақ азаматтарының отбасы мүшелеріне өтініш берген сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде жылдамдатылған виза беріледі.

Отбасы азаматының отбасы мүшесіне виза алуға өтініш бергені үшін төлем алынбайды.

## Қандай елдер Еуропалық экономикалық кеңістіктің (ЕЭК) бөлігі болып табылады?

Еуропалық экономикалық кеңістік құру туралы Шарттың келісімге келетін тараптары болып табылады:

### Еуропалық Одақтың мүше-мемлекеттері

Бельгия, Болгария, Кипр, Чехия, Дания, Эстония, Финляндия, Франция, Греция, Нидерланды, Хорватия, Ирландия, Литва, Латвия, Люксембург, Венгрия, Мальта, Германия, Польша, Португалия, Австрия, Румыния, Словакия, Словения, Великобритания, Испания, Швеция, Италия

және Еуропалық экономикалық кеңістік құру туралы Шартқа қатысушы, **Еуропалық еркін сауда аймағының мүше-мемлекеттері (ЕАСТ):** Исландия, Лихтенштейн, Норвегия, Швейцария.